

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 қазандағы N 921 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 49, 518-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Құру мақсаты" деген 1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ны (бұдан әрі - "ҚазАгро" ұлтхолдингі" АҚ) құрудың мақсаты инвестициялық активтерді тиімді басқаруды және акциялары оған орналастырылған акцияларға төлеу ретінде берілген агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - қоғамдар) корпоративтік мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.";

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары деген 2-бөлімде:

үшінші, төртінші және алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ және қоғамдар қызметінің ашықтығы " ;

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның міндеттері" деген 3-бөлім мынадай редакцияда жазылсын :

"Қойылған мақсат шеңберінде»"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның міндеттері мынадай болады :

инвестицияларды агроөнеркәсіптік кешеннің басым міндеттерін шешуге шоғырландыру және бағыттау ;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру ;

аграрлық өндірістік және сервистік инфрақұрылымды дамыту;
агроөнеркәсіптік кешендегі кластерлердің қалыптасуына және дамуына жәрдемдесу ;

агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспортын дамыту;
ішкі азық-түлік нарықтарын реттеу және тұрақтандыру;
корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру.

Міндеттерді іске асыру директорлар кеңестеріндегі акционердің және өкілдіктің функцияларын жүзеге асыру арқылы қоғамдарды дамытуға» "ҚазАгро" ұлттық холдингі
" АҚ-ның белсенді қатысуы жолымен жүзеге асырылатын болады.

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның функциялары" деген 4-бөлімде:
үшінші абзацтағы "қоғамдардың" деген сөзден кейін "стратегиялық" деген сөзбен, "
жоспарларын" деген сөзден кейін", инвестициялық бағдарламалар мен жылдық
бюджеттерді " деген сөздермен
толықтырылсын ;

оныншы абзац алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтармен толықтырылсын
:

"қоғамдардың лауазымды тұлғаларын іріктеу және дәлелдеу;
қоғамдардың аудитін ұйымдық қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де
функциялар ." ;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ
арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 5-1-бөлімде:
бірінші абзацта :

"бір айда бір рет орта мерзімді негізде" деген сөздер "екі жылда бір рет ұзақ
мерзімді негізде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кемінде жылына бір рет" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзацта "екі жылда" деген сөздер "айына" деген сөзбен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы "Компаниялардың" деген сөз "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ
және қоғамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі